

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
 философия және саясаттану факультетінің Ғылыми кеңесі
 және Редакциялық-кеңесі шешімімен ұсынылған
 (№3 хаттама 6 ақпан 2019 жыл)

Пікір жазғандар:

социология ғылымдарының докторы, профессор **К.Ү. Биекенов**
 социология ғылымдарының докторы, профессор **Ш.Е. Жаманбаласов**
 социология ғылымдарының кандидаты **Г.Т. Алимбекова**

Жалпы редакциясын басқарған

социология ғылымдарының докторы, профессор **Г.С. Әбдірайымова**

Авторлар:

Г.С. Әбдірайымова, М.С. Садырова, З.Ж. Жаназарова,
 Г.О. Әбдікерова, Б.Н. Қылышбаева, Г.А. Кенжакимова,
 Т.А. Морозова, Д.Н. Нұран, Қ.А. Авсыдыкова, М. Чинасилова,
 М.Қ. Шнарбекова, И.С. Сарыбаева, Ә.Т. Омарова,
 С.М. Дүйсенова, Д.Қ. Мамытқанов, Н.Н. Хибина,
 Г.Е. Амирбекова, А.О. Мешелова

Ә 53
Әлеуметтік жұмыс: оқу құралы / Г.С. Әбдірайымова,
М.С. Садырова, Д.Н. Нұран [және т.б.]; жалпы ред. басқ.
Г.С. Әбдірайымова; ғылыми ред. М.С. Садырова – Алматы:
Қазақ университеті, 2019. – 430 б.
ISBN 978-601-04-3894-1

Оқу құралы әлеуметтік жұмыстың кәсіби іс-әрекет ретінде дамуының тұтастай динамикалық бейнесімен, ғылым және тәжірибедегі қазіргі жағдайымен таныстыруға бағытталған. Оқу құралында әлеуметтік жұмыс дамуының қысқаша очеркі, әлеуметтік жұмыстың негізгі теориялары, әлеуметтік жұмыстың этикалық және құқықтық негіздері және т.б. әлеуметтік жұмыстың барлық экспозициясы жүйелі қамтылған. Бұл еңбек студенттер мен жас ғалымдарға ғана емес, әлеуметтік өмірдің түрлі мәселелері қызықтыратын көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 364 (075)
 КБЖ 65.27я73

© Авторлар ұжымы, 2019
 © Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019

ISBN 978-601-04-3894-1

КІРІСПЕ

Қымбатты студенттер, біз сіздерге әлеуметтік жұмыс бойынша екінші рет қайта өңделген авторлық ұжымдық оқу құралын ұсынып отырмыз. «Әлеуметтік жұмыс» еңбегінде Қазақстанның қазіргі әлеуметтік жұмыс жағдайына талдау жасалған. Осы арқылы әлеуметтік жұмысты кәсіби іс-әрекет ретінде дамудың тұтастай динамикалық бейнесімен, ғылым және тәжірибедегі қазіргі жағдайымен таныстыруға ұмтылды. Әлеуметтік жұмыс Қазақстанда салыстырмалы түрде жас мамандық болып табылады және жылдан-жылға қарқынды дамуда. Ол пәнаралық сипатқа ие және қызмет көрсету жағынан әр қырынан танымал. Осы факторларды ескере отырып, әлеуметтік жұмысқа мамандық ретінде нақты түсінік қалыптастыру қиын. Сондықтан да концептуалдық, кәсіби біліктілік және тәжірибеде қолданылуы тұрғысынан зерттеген өзектірек деп таныдық.

Ұсынылып отырған оқу құралын құрастыруға, әлеуметтік жұмыстың ғылым және мамандық ретіндегі қазіргі жағдайын нақты бейнелеуге әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлеуметтану және әлеуметтік кафедрасының ғалымдары, басты мамандары қатысты. Оқу құралында әлеуметтік жұмыстың барлық экспозициясы – дамудың қысқаша очеркі, әлеуметтік жұмыстың негізгі теориялары, әлеуметтік жұмыстың этикалық және құқықтық негіздері және т.б. жүйелі қамтылған.

Студенттер оқу құралындағы тәжірибелік іс-әрекеттің негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын қазіргі теорияларға арналған бөлімдерін оқи отырып, әлеуметтік жұмысшы әрбір осал топтармен, жеке адаммен, жалпы қауымдастықпен жұмыс істеудің жүйелі біліктілігін қалыптастыруға қажетті білімді ала алады. Теориялар болжам жасағанға, түрлі жағдайлар мен адамдардың мінез-құлықтарын түсіндіруге және бағалауға көмектеседі, сондай-ақ әлеуметтік жұмысшының белгілі бір тарихы мен өмірлік қиындықтары бар клиенттермен қалай жұмыс істеп, қалай өзара іс-әрекет етуінің негіздемесін береді. Бәрімізге белгілі әлеуметтік жұмысшы ғылыми және тәжірибелік тұрғыда кең ауқымды мәселелерді шешуі тиіс, сондықтан әдістерді, технологияларды және әлеуметтік диагностиканы меңгеру зерттеліп отырған объекті немесе әлеуметтік процесс туралы сенімді білім алуына алып келеді.

Әлеуметтік диагностиканы әдіснамалық құрал ретінде меңгеру болашақ әлеуметтік жұмысшыға әр түрлі әлеуметтік болжам мен жобаларды өңдеуге негіз болатын қажетті білімді береді. Сондай-ақ оқу құралы әлеуметтік жұмыста және қоғамдық өмірдің барлық саласында технологияларды қалыптастыру және дамытуда маңызды рөл атқаратын қоғамдық пікір мен қоғамдағы адамгершілік және психологиялық климатты түсіну мүмкіндігін береді.